

Тексеру күні: 09.10.2023ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

Жакупова К.Ж.

Жакупова К.Ж.



Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы


Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОБЕМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі 09-13 қазан 2023-2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.10.2023	Сейсенбі 10.10.2023	Сәрсенбі 11.10.2023	Бейсенбі 12.10.2023	Жұма 13.10.2023
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.				
	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын» фотосуретте бейнеленген суреттерді атау	Әңгімелесу. Спорт не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу «Футболшы»
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сәлемдесу айнасы» Дене қызуларын мен тазалығын тексеру Дене шынықтыру шаралары. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл-күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.	Сюжетті-рөлдік ойын: «Қалай тамақтанамыз» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	Ойын-жаттығу: «Жуыну» Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Сюжеттік ойындар: «Менің күн тәртібім», Айболит ертегісінен үзінді оқып беру; «Айболит кеңесі» үстел үсті театры және т.б.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Біз бақытты баламыз» Кел, сен берге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	«Мен әдепті баламын» Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, көнекі бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	«Қуан, шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Орманда мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Көркем әдебиет Әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».</p> <p>Ойын шарты: Белгілі дыбысқа сөз ойлап айтады.</p> <p>Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып, және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау.</p> <p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы. Біз нені үйрендік нені білдік? Максаты б. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталану арқылы естерінде сақтату</p> <p>«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасындар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ки-га, қо-го, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ше-уе, хо-йо</p>	<p>Қазақ тілі Балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт» Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер</p>
Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Торғайлар мен мысық»					
		<p>Ойын: «Торғайлар мен мысық» Максаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>Шарты: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м. диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, <u>торғайларды көріп</u>, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен <u>мысыққа ұсталған торғайлар</u>, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 <u>торғайды ұстаған соң</u>, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-</p>			



5 рет қайталанады.

Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту. «Жолақтарға аттап секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре барады.</p>	<p>Қоршаған орта Табиғат әлеміне таным – дық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу. «Мәшине жабдықтары» ойыны. Педагог мәшине жабдықтарын айтады, балалар сол құралдың дыбысын келтіреді.</p>	<p>Математика негіздері «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» Педагог «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді. Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттың қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Кө</p>	<p>Қоршаған орта Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. «Сөйлемді дұрыс құрастыр» ойыны. Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып, дұрыс сөйлем құрастыру керек. Көше, жол, жүреді, мәшине Аспан, ұшады, биік, ұшақ. Мәшине, аурухана, тоқтады, жедел жәрдем. Толқында, кеме, жүзеді, теңіз</p>	<p>Музыка Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсеев) «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені Билер: «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны</p>
--	---	---	--	--	---

Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар
«Күн мен түн»




Ойын: "Күн мен түн"

Максаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша кимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: "Күн" мен "Түн" деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.

Ереже:

1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.
3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі

Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту.
Сөздік ойын: «Қандай салт-дәстүрлерді білеміз?».
Педагог салт дәстүрлердің суреттерін көрсетеді, балалар атын атайды

Сауат ашу негіздері

Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.
«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларын керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.
«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы –

Көркем әдебиет

Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

Музыка


Ән айтуда дауыспен вокальдық есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Жеңіл дауыспен ән айту.
Музыка тындау:
«Саржайлау» (Тәттімбет)
Ән айту:
«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)
«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)
Музыкалық-ырғақтық кимылдар:
«Жеңіл би» (Т. Ломова)
Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан)
Ойындар, хороводтар:
«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев

Шығармашылық бейнелеу әрекеті

Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.
- заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, мүсіндету – жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кино арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу
- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу

		<p>Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауған), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал</p>		
--	--	---	--	--

Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны.



Ойын: «Кесіртке»

Максаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің "басы", соңғы ойыншы- кесірткенің "құйрығы". Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Математика негіздері Математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғы шарттары көрінуіне ықпал ету.</p> <p>Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық</p>	<p>Математика негіздері Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден түсі,өлшемі,пішіні,дыбысы,қимылы,қолданылуы бойынша заттардан құру,жиындарды бөлік</p>	<p>Дене шынықтыру Балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына,қимылдарының үйлесімді қалыптасуына,жалпақтабандылықтың алдын алуға жағдайлар жасау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін» Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін</p>	<p>Сауат ашу негіздері Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру. «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк</p>	<p>Дене шынықтыру Медициналық педагогикалық бақылау жүргізу,ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін» Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін</p>
--	---	--	---	---

	заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді	терге бөлу және оларды қайта біріктіреді Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» Педагог «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді. Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады.	(машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады	төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді. «Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-го, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, па-на, чо-ро, ше-уе, хо-йо	(машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиінақты орындауын қадағалау.	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату . Еңбек : Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.	Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырнарларды бақылау. Мақсаты: Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың талшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек : Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру:салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру . Еңбек : « Әдемі гүлдер » Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. « Жел » Мақсаты: Балаларға жел туралы	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге

<p>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?</p> <p>Төгіледі төбеден. Көк теңізден</p> <p>күйғандай</p> <p>Көл-көсір су не деген?</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p>Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».</p> <p>Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Сұр қоян».</p> <p>Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:</p> <p>Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүткендеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.</p>	<p>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып</p> <p>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Ойын: «Кімге қандай құрал керек?»</p> <p>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында</p> <p>ойнату. Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Соқыр теке»</p> <p>Ойын барысы: Соқыр теке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыр теке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыр теке бақ-бақ», - деп мазақтап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыр теке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыр теке» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап, шұңқырға, бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. <p>Тренинг: «Біз тату баламыз»</p>	<p>Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан,</p> <p>Сезді мекен күзді олар.</p> <p>Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар.</p> <p>Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?»</p> <p>Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киіміне үлгісін көрсете түсіндіру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Аттамақ»</p> <p>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі-төмен, оны аттап өту керек, екіншісі-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп, содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап, алады, ал ойыншы өзінше эрекеттеніп аттап жүреді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. <p>Тренинг: «Тырнарлар болып ұшайық»</p>	<p>өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел улейді у-у-у.</p> <p>Құйын келіп билейді зу-зу-зу</p> <p>Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.</p> <p>Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек»</p> <p>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Орамал тастау»</p> <p>Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқа оушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру) <p>Тренинг: «Қолшатыр астында»</p>	<p>үйрету.</p> <p>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю.</p> <p>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоры молайту.</p> <p>Қимылдық ойын: «Ақ қояным»</p> <p>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»</p> <p>Ойын барысы: «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсесеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бұйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <p>«Тәтті тоқаштар»</p> <p>пісірейік</p> <p>«Мені қуып жет»</p> <p>Тренинг: «Шаңырақ»</p>
Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес

<p>Балалар ды үйге кайтару</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сурану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, айналап, жиі оған өз мейірімінзді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
---	---	---	---	---	--

Тексеру күні: 16.10.2023ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:



Жакупова К.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОББМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі 16-20 қазан 2023-2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.10.2023	Сейсенбі 17.10.2023	Сәрсенбі 18.10.2023	Бейсенбі 19.10.2023	Жұма 20.10.2023
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: «Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлемесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерін айтып беру.	Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ. 1. Бірім, екім, Алма текім. Сапар айым, Сар шымшық. Балтаңды ал да, Жүгіріп шық. 2. Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы.	Суретті жұмбақтар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы тандалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.	Саусақ ойыны : «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен құстар туралы әңгімелесу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Психомоторлық жаттығу» Көздерінді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.	«Психомоторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел, қосылып айтайық бір- бірімізге..	«Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пен махаббатты Сезініп өмір сүреміз.	«Психомоторлық жаттығу» «Біз әдепті баламыз» Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.	«Психомоторлық жаттығу» Көңілденіп күленіп, Бақытты боп жүремің. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламың.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Көркем әдебиет Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну.</p> <p>Жұмбақ ойын: «Айна». Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, киізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге кіледі. Көрермендер қол шапалақтайды</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Ана тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық ай- туды үйрету. Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды</p>	<p>Сауат ашу негіздері Сөздерді дыбыстық талдау, Лашын көкте самғайды, Лашын көкті шарлайды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (үнді дауыссыз дыбыс) Педагог құстарға байланысты тиым сөздермен таныстырады. 1. Құстың ұясын бұзба, 2. Ағашты сындырма. 3. Құстардың жұмыртқасын сындырма. 4. Құсқа тас лақтырма</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыс - тардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды</p>	<p>Қазақ тілі Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алу- ды және таза дикцияны да- мыту, қазақ тіліне тән ә, ә, қ дыбыстарын, осы дыбыстар дан тұратын сөздерді дұ- рыс айтуға дағдыландыру. «Қызық екен» ойыны Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір- бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұнай. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? Күз айларын ата? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра. Көкөністер. Қандай көкөністерді білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) <i>қима суреттерден көрсету.</i> Сурет бойынша сөйлем құра.</p>
<p>Үзіліс : Жабық және ашық кеністікті бағдарлауға арналған ойындар Ойын: «Тығылыспақ»</p>					

Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:

Қысқыштармен ойналатын ойын

Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

«Жаңғақтармен ойын»

Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.



Ойын: «Тығылыспақ»

Максаты: кеңістікті бағдарлауға

дағдыландыру, сөздік қорларын молайту

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар:

Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру

Сапта бірбірден, екеуден, үшеуден жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру белгі бойынша басқа бағытта бұрылып жүру. Қолдың бастапқы қалыпта - рын өзгерте отырып, әр - түрлі қарқынды секіргіштен аттап жүру, ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шапшаң жүру, «Кім зейінді?» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды.

Қоршаған орта

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Математика негіздері

Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай осы және кему ретімен орналастыру. «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны. Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздерінді машинемін деп елестетіндер, ал геоме-

Қоршаған орта

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орын - дау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, галамтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Музыка

Би кимылдарын: қосалқы және ауыспалы кадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

Музыка тыңдау:

«Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)

Ән айту:

«Сабантоғай» (Е. Хасанғалиев)

«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)

Музыкалық-ырғақтық

кимылдар:

«Марш» (Е. Андосов)

Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)

Ойындар, хороводтар:

«Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы,

	Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады		триялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейзеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады.	ұнтаспадан)
--	--	--	--	-------------

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»


Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»

Максаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. **Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.



Ойын: « Көбелектер бақалар»

Максаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. **Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қат



ысады.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Математика негіздері 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешін-ші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру «Не қалай дыбыстайды?» ойыны Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады. 1. Әтеш қалай дыбыстайды? – .. 2. Қарға қалай дыбыстайды? – .. 3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? – .. 4. Аққу қалай дыбыстайды? – 5. Торғай қалай дыбыстайды?...</p>	<p>Көркем әдебиет Себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату. Жұмбақ ойын: «Айна». Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Сикырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сикырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды</p>	<p>Музыка Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгірту, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңд. Т. Ломова) Билер: «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны</p>	<p>Шығармашылық \ сурет, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру\ Балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту. -- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету -Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кино -- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Топтық жұмыс</p>
<p>Үзіліс: Кеністікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда – төменде, биік-аласа»</p>					

<p>Артикуляциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты. Балық: «Мына жерде сүнгү оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді. Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады. Ал бесіншісі «Мында қолтырауым»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!</p>  <p>«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу. Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.</p>	  	  	  	<p>Ойын: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған. Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынның анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді. - деп сипаттап айту керек.</p> 
---	---	--	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде, егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, өсім табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»</p>	<p>Математика негіздері «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды</p>	<p>Дене шынықтыру Таныс дене жаттығулары музыка әуенімен әсем және ырғақты ортада. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адым – дап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет). Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы</p>	<p>Сауат ашу негіздері Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтау. «Сөз жарыс» дидактикалық ойыны – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып,</p>	<p>Дене шынықтыру Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. «Бірінші бол!» (3 рет). Жүргізушіні алмастырып жүгіру. Педагогтің белгісімен аты аталған ойыншы ең алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады. Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып,</p>
--	---	---	---	--

	Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер.		алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады.	буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.	ішке тартып, шынтағымен артқа шығару керектігіне назар аударту. Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: « Таза алаң » . Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » . Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ; Үреді абалап Ойын: « Қасқыр мен қаздар » . Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: « Тымпи-	Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: « Аю жүрген орманда » . Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: « Монданақ » . Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шынырықтап алып дөңгелеңе отырады.Ортаға біреу	Бақылау: Алтын күзді бақылау. Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадаң қарғыш өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » . Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. Еңбек: « Таза алаң » Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері » Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Қимылдық ойын: « Көріңі » . Мақсаты: Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай	Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. « Қыстың қамын жаз ойла » . Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: « Суға түкірме » , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірге » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: « Итеріспек » Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: « Таяқпадан аттап өт » , « Қуаласпақ » Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам » Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам » Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліп алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылдық ойын: « Үрпек төбет » Мақсаты: Тез жүгіре білуге

	<p>тымпи» .</p> <p>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p>Ойын барысы: Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи» , - дейді. Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс. Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады. Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып, соны күлдіруге күш салады. Өзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал, сөйлеп, күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді. Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткеншек тебу. 2. Допты қуалау. <p>Тренинг: «Біз біргеміз» .</p>	<p>шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ» , - деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Орта доп 2. Өткеншек тебу 3. Қуаласпақ <p>Тренинг: «Бір шаңырақ астында» .</p>	<p>білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып, бірінің артына бірі тұрады. Олардың алдынан 3-8 метр жерден сызық жүргізіледі. Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады. Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса, қолынан жетектеп әкеліп, топтың алдына келіп тұрады. Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп, теріс қарап тұрады. Ортасында тұрған қасқыр қуып береді. Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді. Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.</p> <p>Дербес ойындар.</p> <p>Тренинг: «Біз татумыз»</p>	<p>Балалардың өз бетімен ойнауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3. Допты қуалау. 	<p>үйрету, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы:</p> <p>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады. Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та.</p> <p>Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан ортаға отырады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Төбешіктен-төбешікке секір. 2. Күн мен түн <p>Тренинг: «Күн шуағы» .</p>
<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сурану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімінзді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіндік толандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тексеру күні: 23.10.2023ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

Жакупова К.Ж.

Жакупова К.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОББМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі 23 - 27 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.10.2023	Сейсенбі 24.10.2023	Сәрсенбі 25.10.2023	Бейсенбі 26.10.2023	Жұма 27.10.2023
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: «Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды		Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
<p>рын нығайту; жаттықтырушы жайында, ат қаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді.</p> <p>Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (тұтынушыны түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсына-тыны, тұтынушының қандай таңдау жасай-тыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрде спорттық жабдықтардың атаула-рын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықта-ры), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.</p>	<p>Құлақшынды кимесен,</p> <p>Құлағыңды тістеген.</p> <p>Қандай қызық қыс деген?</p> <p>Бәрін шебер істеген.</p> <p>Жерде, үйде, тауларда,</p> <p>Боялған ақ түспенен.</p> <p>Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Аурухана".</p> <p>Мақсаты: Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірби-ке) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p>	<p>дыбыстайды. Жанбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Киімдер" дүкені.</p> <p>Мақсаты: Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде бала-лармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жата-тынын, киімдердің сыртқы киім, маусымдық киім және ішкі киім болып бөліне-тіні жайында түсінді</p>	<p>адамның демалуына жағымды ықпал етеді".</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Кітапхана".</p> <p>Мақсаты: Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәнін білдіретін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тама-шалайды.</p> <p>Балалар кітапханашы жұмысын қалай атка-рып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, тол-тыру), қандай құралдарды қолданатынын, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс.</p>	<p>атау.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Ойыншықтар" дүкені".</p> <p>Мақсаты: Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.</p> <p>Шарты.</p> <p>Сатушы өз қалауы бойынша тағайында-лады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтарды бірін таңдап, өз қалаула-рын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны "сатады".</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сойлеу тізбектерін реттейді,</p>
---	---	--	---	--

	<p>Ниятін білдірген бір-неше бала жаттықты рушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйе мелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анық тайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p>	<p>Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.</p> <p>Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгіме лесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p>	<p>реді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушыға әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында да айтылу тиіс.</p> <p>Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, каражат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады.</p> <p>Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек.</p> <p>Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерде киімдерді кигізіп көреді.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы</p>	<p>Балалардың арасынан кітапханашылар (өз қалауымен) таңдалады немесе санамақ қолданылады.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйе мелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анық тайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады.</p> <p>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемей; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.</p>	<p>тиянақтау сұрақтарын қояды.</p>
--	---	--	---	--	------------------------------------

		Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.	сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының тандауын құрметтеу керек.		
Балалармен жеке жұмыс	Жанылтнаштар айтқызу. Аппак, аппак, бәрі аппак, Ақ қар аппак, бәрі аппак. Ақ бұлт, қырау, мақта аппак. Ақ сүт, айран, кант та аппак.	"Ненің құйрығы?" Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұнайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б.)"	"Сәйкесін тап" ойыны. Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Дайын суретті бояу тапсырмасы. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (ангистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсаты: Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.				

карау және баска- лар)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай бала- лардың киінуі.	Әкелермен әңгімеле- су: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?»	«Айына бір рет отба- сы күнін өткізу».	Кеңес: «Ойын – бала- ны дамыту құралы».	Экологиялық қай- ырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата- аналармен топ бөлмесін безендіру.

Тексеру күні: 15.01.2024ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

 Жакупова К.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОББМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.01 - 19.01.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	15.01.2024	16.01.2024	17.01.2024	18.01.2024	19.01.2024
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" тақырыбында кенес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсаты: Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды тонырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тактайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты: Балаларды сумен жұмыс істеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты: Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, мұқият орындау.	"Кітап бұрышын дағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсаты: Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты: Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.
	«Үй жануарын жабайы жануардан ажырат» – ойын шарты:	"Домини" дидактикалық ойыны. Мақсаты: баланың	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалық-	"Құстар" (андар, балықтар) дидактикалық ойыны.	Дамытушы ойын. "Құстардың көлеңкесі".

	<p>Бала үй жануарын дала жануарынан ажырату керек. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттын бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p>	<p>тап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету). Ұшып барады, асықпай (саусақпен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау). Айналып, солға ұшып, (қолдармен екінші жаққа бұраңдау), Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру.) Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу)</p>	<p>Мақсаты: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау, қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.</p>	<p>Мақсаты: Балаларға әр құстың көленкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсаты: Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.</p>
Ертенгілік жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді; 1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (нықтарын қуштілау); 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою; 1 - денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу;</p>				

	<p>2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою.</p> <p>1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу;</p> <p>2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.</p> <p>1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жабайы аңдар». Елімізде мекен ететін аңдар жайлы әңгімелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы:Бір уыс мақта Мақсаты:Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы:Байқоңыр Мақсаты:Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге,өрмелеуге және түсуге үйрету,қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін жетілдіру.</p> <p>3.Математика негіздері Тақырыбы:8 саны Мақсаты:8 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Су тор-ғайы Мақсаты:Балаларды сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:Пайдалы қазбалар дегеніміз не Мақсаты:Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру,олардың аттарынан атап бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту.</p> <p>3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ойнай отырып оқимыз \к\</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Біз нені үйрендік,нені білеміз? Мақсаты:Балалардың білімін бекіту.</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: 8 саны Мақсаты:8 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p>3. Көркем әдебиет Тақырыбы:Бір уыс мақта Мақсаты:Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Су тор-ғайы Мақсаты:Балаларды сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:Пайдалы қазбалар дегеніміз не Мақсаты:Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру,олардың аттарынан атап бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту</p> <p>3.Музыка Тақырыбы:Қыс келді Мақсаты:Музыкадағы дыбыс жоғарылы-</p>	<p>1.Қазақ тілі Тақырыбы:Тазалықты сүйеміз Мақсаты:Заттың атын,жұмылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы:Қыс келді Мақсаты:Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін ажырату. Әннің ырғағын сақтау.</p> <p>Шығармашылық Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру. Құрастыру Тақырыбы:Жайлауда Мақсаты:Сурет бойынша</p>

	<p>4.Қазақ тілі Тақырыбы:Дене мүшелерінің атқаратын қызметі Мақсаты:Дене мүшелерінің атқаратын айта алуға үйрету.</p>	<p>Мақсаты:Өткен сабақтарда алған білімдерін пысықтау.</p> <p>4.Математика негіздері Тақырыбы: 8 саны Мақсаты:8 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:Шаңғымен жүру Мақсаты:Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру,қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету.Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты артыру үшін біртіндеп көбейте отырып оындауға дағдылан-дыру.</p>	<p>ғын, ырғақтың мәнерлілігін ажырату. Әннің ырғағын сақтау.</p> <p>4.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Дыбыстық талдау Мақсаты:Дыбыстық талдау жасауды меңгерту.</p>	<p>әңгімелей отырып,жайлау,киіз үй туралы түсінік беру.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:Ғарыш қасиеті Мақсаты:Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап отуға,өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру,қолмен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру.Шынтақтарын бүгіп,қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін жетілдіру.</p>
Серуенге дайындық	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. 				
Серуен	<p>Қар ұлпаларын бақылау. Мақсаты:Қар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекіту ді жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. Мақсаты:Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.</p>	<p>Сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: Сыпырушының жұмысымен танысуды жалғастыру; басқаларға көмек келуге ұмтылу қасиетін қалыптастыру; ересектердің еңбегіне деген құрмет сезімін тәрбиелеу; мағыналы сөйлеуді дамытуға ықпал ету. Ересек адамдармен бірге</p>	<p>Суықтотқайларды бақылау. Мақсаты: Суықтотқайлардың пайдалуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолды сыпырғышпен сыпыру. Мақсаты: Жұмыс</p>	<p>Қардың түсуін бақылау. Мақсаты:Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. Мақсаты:Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсыр</p>	<p>Қарғаны бақылау. Мақсаты:Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге</p>

	<p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". Мақсаты: Заттарды соғып алмай, қар ги-мараттары арасында бірінен соң бірі жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" Мақсаты: Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. Мақсаты: Балалардың күрекпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; қарды бір үйіндіге қалай дұрыс жинау керектігін көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Шыршада". Мақсаты: Бір-біріне соқтығыспай еркін жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ету; балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін арттыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыт Мақсаты: Моториканың дамуына ықпал ету (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).</p>	<p>тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар". Мақсаты: Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: моториканың дамуына ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).</p>	<p>маларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар". Мақсаты: Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қармен қоқыстан тазарту. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". Мақсаты: Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.</p>
Серуеннен оралу	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын катаяту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты ұқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>"Құстар қалай үн қатады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту.</p>	<p>Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Қыстайтын құстар". Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың</p>	<p>"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. Мақсаты: есту зейінін дамыту, балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ой-</p>	<p>"Зообакка орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыс-</p>	<p>"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.</p>

<p>Педагог балаларға құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Акку сұңқылдайды, кикүлайды. Әуілдек әуілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдайды Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектейді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауыскан шықылықтайды. Сұңқар санқылдайды. Тауық қытқыттайды. Тауыс шақырады. Токылдақ тоқылдайды. Торғай шаңқылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Үкі уілдейді. Шағала шаңқылдайды. Шымшық шықылдайды. Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".</p> <p>Мақсаты: Балалармен бірге театр кандай орын екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын</p>	<p>тіршілігіндегі басты ерекшелігі: ең қажетті жағдайы және өлі табиғаттағы болатын өзгерістердің тірі табиғатқа әсері туралы мәлімет беру.</p> <p>"Құстар" (андар, балықтар) дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.</p> <p>Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.</p> <p>"Құстар мен мысық" кимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, қызығушылыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.</p> <p>Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мы-</p>	<p>лауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып такпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.</p> <p>Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.</p> <p>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді)</p> <p>Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді)</p> <p>Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"</p> <p>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша кимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Жерді шеңбермен белгілеу керек</p>	<p>тырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообакқа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға керекті құралдар: зообак торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар.</p> <p>Ойын барысы. Зообакқа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет.</p> <p>Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады.</p> <p>"Құстардың ұшып келуі" кимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Ойынның барысы. Балалар</p>	<p>Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.</p> <p>"Құстар мен мысық" кимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа, қызығушылыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.</p> <p>Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады.</p>
---	---	--	---	--

	<p>ойын барысын да анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Сахна орны.</p> <p>"Театр" жазуы; сахналық қойылымдарға қажет сахна макеттері (үйшік, ағаш, қаша және тағы басқа), мүмкіндігін қарай шымылдықтар), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлердің қолдануына қажетті құрал-жабдықтар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар болатыны туралы суреттерді қарастырып, көрермендер мен артистер арасында қандай айырмашылықтардың болғанын анықтайды.</p>	<p>сықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады.</p>	<p>/5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен таяйындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты тандайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақрын барыпторғайларды ұстайды /қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді/.</p>	<p>(құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. "Боран" деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші "Боран тынышталды" деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды.</p>	
Балалармен жеке жұмыс	Зейінді дамытуға арналған жаттығу.	"Артығын тап" дидактикалық ойын.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу.	"Бұл қашан болады?" дидактикалық	"Лабиринт" дидактикалық ойыны.

	<p>"Қимылдарды қайталаймыз". Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылса, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады.</p>	<p>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін айтып, артығын қарандашпен сызады: мысалы, мұнда қар артық, өйткені, қар қыста болады.</p>	<p>"Суреттерді салыстырамыз". Мақсаты: Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз.</p>	<p>ойыны. Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға, суреттер бойынша жұмыс жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту.</p>	<p>Ойынның мақсаты: Балаларды тез қимылдауға үйрету. Ойынның барысы. Балаларға дайын лабиринт (гүл мен шелек) беріледі, балалар тез-тез орын дап шығады.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу.</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.</p>	<p>Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу.</p>

Тексеру күні: 22.01.2024ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

Жакупова К.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы **Шұбарши ЖОБЕМ**

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01 - 26.01.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	22.01.2024	23.01.2024	24.01.2024	25.01.2024	26.01.2024
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсаты: Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекеттен көрсету.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты: Балаларды сумен жұмыс ітеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты: Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, мұқият орындау.	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсаты: Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желіммен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты: Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.
	Үстел үсті ойыны «Мозаика». Мақсат-міндеттер.	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Дидактикалық мін-	"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Дидактикалық мін-	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Дидактикалық мін-	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы. Педагог үстелдің үс-

	Балаларға берілген суреттердің басқа бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.	деті. Балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері. Жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.	деті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу.	деті. Есту анализаторын жаттықтыру, балалардың өз құрбы-құрдастарына достық қатынастарын, зейінін, есін, бірігіп ойнау тілектерін тәрбиелеу. Ойын ережесі. Балаларға қарамай, кім шақырғанын тек дауысты есігіп қана табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қаты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.	тіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп өсіруге болады.
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді; 1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру "бұрыш" жасау (нықтарын қушитау); 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою; 1 - денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою. 1 - оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс	"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Затқа дей-	"Үйдің есігін жабайың" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жұан	"Жұбын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажы-	Балаларға эмоцияналды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалып-

	атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.	інгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу.	және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	ратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.	тастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы:Мысық, әтеш және түлкі Мақсаты: Ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Ғарышқа саяхат Мақсаты:Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге,өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру,қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру.Шынтақтарын бүгіп,қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін жетілдіру.</p> <p>3.Математика негіздері Тақырыбы: 9 саны. Мақсаты: 9санының құрамы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>4.Қазақ тілі Тақырыбы: Таңертең не істейміз? Мақсаты: Сөздерді сөз тіркесімен айту-ға,сөйлем құрауға жаттықтыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қыс қызықтары.Қаңтар Мақсаты:Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Бізді не қоршап тұр? Мақсаты: Балаларды жансыз табиғат түсі-нігімен таныстыру. Жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.</p> <p>3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Дыбыстық талдау Мақсаты: Дыбыстық талдауды жасауды меңгерту.</p> <p>4. Математика негіз-дері Тақырыбы: 9 саны. Мақсаты:9 санының құрамы туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыстық талдау Мақсаты: Дыбыстық талдауды жасауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>2. Математика негіз-дері Тақырыбы: 9 саны. Мақсаты:9 санының құрамы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>3. Көркем әдебиет Тақырыбы:Мысық, әтеш және түлкі Мақсаты: Ертегі мазмұнын интонация мен мазмұндау арқылы сахналауға баулу.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Жыл мезгілдеріне саяхат Мақсаты: Отырған күйде допты екі қолмен асыра лақтыруға үйрету. Допты ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға,жоғары дұрыс ұшу үшін,бүгілген қолды түзу ұстап,допты лақтыру шеберліктерін қалыптастыру.</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қыс қызықтары.Қаңтар Мақсаты:Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Табиғатта қандай өзгерістер болды? Мақсаты: Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап,бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге, себеп- салдар байланысын анықтауға үйрету.</p> <p>3.Музыка Тақырыбы:Айнала ақша қар Мақсаты: Әннің динамикалық реңкіні жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету.</p> <p>4. Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Дыбыстық талдау Мақсаты: Дыбыстық талдауды жасауды дамыту.</p>	<p>1.Қазақ тілі Тақырыбы:Ұлттық ыдыстар Мақсаты: Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру</p> <p>2. Музыка Тақырыбы:Айнала ақша қар Мақсаты: Әннің динамикалық реңкіні жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету.</p> <p>3.Шығармашылық Мүсіндеу. Сурет салу. Жапсыру.Құрас-тыру. Тақырыбы: Кошедегі үйлер Мақсаты:Көпқабатты және бірқабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Жігіттер сайысы Мақсаты: Ішкі толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету, қолды алға,жоғары созып, шиірақ сермеп,доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан түра білу шеберліктерін қалыптастыру.</p>

Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенжесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	<p>Көкшімшықты бақылау. Мақсаты: Балалардың көкшімшықтың пайда болуы, оның әдеттері, тіршілік ету ортасы туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.)</p> <p>Мақсаты: Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Ұшақ". Мақсаты: Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыс тарды дамыту: екі аяқпен орнында тұрып 20 рет секіру. 2-3 рет шеңбер бойымен айналып жүру.</p> <p>Қайтадан 20 рет секіру.</p>	<p>Шыршаларды бақылау. Мақсаты: Шыршаның құрылымы туралы білімдерін толықтыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұжыммен қар тазалау).</p> <p>Мақсаты: Ағаш күрек шені қолдану қабілетін жетілдіру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қоймадағы тышқандар". Мақсаты: Ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыс тарды дамыту, алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>Қыстайтын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштың айналасын дағы қарды тазалау)</p> <p>Мақсаты: Жұмыс істеуге дағдыландыру, ересектерге көмектесу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр", "Мысықтар мен тышқандар" Мақсаты: Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту, қарды алысқа лақтыруды үйрету.</p>	<p>Сауысқанды бақылау. Мақсаты: Қоршаған әлемге қызығушылықты ояту; құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру).</p> <p>Мақсаты: Балаларды қыстайтын құстарды тамақтандыруға ынталандыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Сауысқандар". Мақсаты: Екі аяғымен секіру, әртүрлі бағытта жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыс тарды дамыту. Мақсаты: Қатарға қойылған заттарды айналып жүгіруге машықтандыру.</p>	<p>Қайың мен шетенді бақылау. Мақсаты: табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылысқа қар жинау).</p> <p>Мақсаты: Тапсырманы бірлесіп жүзеге асыра отырып, жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Қилыл-қозғалыс ойындары "Кегльдерді құлат". Мақсаты: Қимылдарды үйлестіруге, лақтыру қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері.</p>
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойын)	"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.	Дамытушы жаттығу. Екі айыр құйрығы,	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".	Дидактикалық ойын. "Не, қайда мекендей	Дидактикалық ойын. "Суреттің тізбектегі орнын тап".

<p>дары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды карау және баскалар)</p>	<p>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, сонан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем бе-</p>	<p>Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш.) Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ.) Жем көрсе, Шықылықтап қалтаңдайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан.) Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға.) Педагог балалардың ережені ұстанудағы әрекеттерін қолдайды. Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы. Мақсаты: Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы қойылымына қатысты кейіпкерлердің</p>	<p>Мақсаты: Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". Мақсаты: Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, қолғап (перчаткалар); емханаға қажет жиназ, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.</p>	<p>ді?" Мақсаты: Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және олар мекендейтін орындар салынған суреттер. Ойынның бірнеше нұсқасы бар. 1-нұсқа. Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу. Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұптарды құрастыру. 2-нұсқа. Өздік ойын түрінде өткізу. Жануардың мекен ету ортасының атауын естіп, жануардың қалай аталатынын айту. Жануардың дауысын естіп, мекендейтін орнын атау. Балаларды өз ойларын түсіндіруге талпындыру қажет</p>	<p>Мақсаты. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". Мақсаты. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұрыштық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатынын, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы,</p>
---	---	--	--	--	---

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл	Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). Мақсат-міндеттері. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығын дамыту, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отырулары керек. - Лас - (Таза). - Қараңғы - (Жарық). - Түн - (Күндіз). - Ылғалды - (Құрғақ). - Жаңбыр - (Қар). - Аспан - (Жер). - Таң - (Кеш). - Су - (Мұз).	Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Қысқы тіршілік" Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету. Дидактикалық ойын. «Сынарын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет. Ойын бірнеше рет қайталанады. Балалар	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын барысы. Педагог: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын.	«Қимылды қайтала» саусак жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қол қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, кез келген «фигураны» саусактарымен көрсетеді (кейбір саусактар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар жасау). Балалар сол қимылды тура айнытпай қайталау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, казак тілі) «Заттарды салыстыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға заттар мен пішіндерді салыстыруды үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, бір-

<p>емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі қуыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады", т.б..</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені". Мақсат-міндеттері. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады,</p>	<p>- Су - (Бу). - Жаз - (Қыс). (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Еркін ойын. "Соқыр теке". Мақсат-міндеттері. Жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту. Ойын барысы. Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз, Орамалмен көзін байлаймыз. Қалғанымыз оны түртіп қашамыз, Тым қырағы, сақ боламыз аса біз. Ұмтылады ол од мен солына, Тырысамыз түспеуге оның қолына. Кім ұсталса, соның көзі байланар, Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? Ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалардың арасында шапалақтап, дыбыстарын білдіріп қояды. Ойында ұсталған бала ойынды одан әрі жүргізеді. (дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Еркін ойын. "Айдап сал". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойнаушылар екі топқа тең бөлінеді де, бірінші топ үйдің сыртына шығып, екінші топ үйде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен өз есімі берілген ойыншыны табуы керек. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартпайды. Айып тартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді немесе тағы басқа өнерін көрсетеді. Келесі жолы екі топ орындарын ауыстырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,</p>	<p>"Отбасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасының әр мүшесінің рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: кезілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқинаны ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>бірінен ажыратуды үйрету. Ой-өрісін, тілін, танымдық әрекетін дамыту, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы. Балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке. Кең - тар. Биік - аласа. Үлкен - кішкентай. Ұзын - қысқа. Мағынасы қарама-қарсы ұғымдарды үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>
---	---	--	---	---

	сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, каражат, смартфон) ойыншықтардың бірін таңдап, өз қалауларын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырады, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтады, тауарды "сатады". Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді.		зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)		
Балалармен жеке жұмыс	Қызықты логикалық есептерді шығару. Мақсат-міндеттері. Балаларды логикалық жаттығуларды орындауға машықтандыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. (танымдық іс-әрекеті)	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балаларды кейіпкерлердің сөздерін жатқа білуге құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Сөздерге дыбыстық талдау жасау жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға арналған таңбалауыштар (фишкалар). (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)	Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі немесе оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Біз бір аптада не істедік?" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Кеңес беру. «5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы?».	«Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	Баланың балабақшадағы тәртібі мен белсенділігі туралы әңгімелесу.	«Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасына арналған тақпақтар беру. Салтанатты іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.

Тексеру күні: 11.12.2023ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:  Жакупова К.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОББМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	11.12.2023	12.12.2023	13.12.2023	14.12.2023	15.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты такпақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларға ҰІӨ арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешіге көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету; оларды дымқыл шүберекпен сүртуді; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдыларын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Ойынның кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көруді және ретке келтіруді; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	ҚР Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені	"Домино". Мақсат-міндеттері. Зейінділікті, логика-	Лото. "Өсімдіктер, жануарлар". Мақсат-міндеттері. Ойын	"Зоологиялық лото". Мақсат-міндеттері. Жануарлардың атау-	"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. Барысы. Әр баланың алдына

	<p>калыптастырады. (музыка) Магниттік мозаика. "Кірпі." Мақсат-міндеттері. Мозаика - әртүрлі пішіндер мен түстерден тұратын элементтердің жиынтығы, олар бір-бірімен үйлеседі және кез келген кескінді жасауға мүмкіндік береді. Ойынның шартын қолдана отырып, балалар өздерінің жұмыстарын жасай алады. Ұсынылған магниттік тақта жиынтығында - 5 түс, 220 элемент бар. (танымдық іс-әрекеті)</p>	<p>лық ойлауды, жағдайды талдау қабілетін, тапқырлықты, қолдың ұсақ моторикасын дамытады; балалардың заттардың мөлшері, пішіні, түсі туралы түсініктерін бекітеді; байқау мен зейінді дамытады, салыстыру және жалпылау операцияларын дамытады, заттар мен құбылыстар арасындағы елеулі байланыстарды бөліп көрсете білуді қалыптастырады; балалардың қоршаған әлем объектілері туралы түсініктерін кеңейтеді; баланың сөздігін байытады және белсендіреді, байланыстыра сөйлеуді дамытады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>планетамыздың жануарлары мен өсімдіктер әлемімен таныстырады, заттардың жалпы ерекшелігін бөліп көрсетуге және оны атрибут бойынша топтауды үйретеді. Лото көптеген әртүрлі ойын жағдайларын модельдеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында логикалық ойлау, байқау, зейін, есте сақтау қабілеті дами, қолдың ұсақ моторикасы жетілдіріледі. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>ын, жануарлардың сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту. Зейінді, байқағыштықты, реакция жылдамдығын дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылды (алма, троллейбус, шайнек, ұшақ, қалам, машина, ат, этеш және т.б.). Педагог: - Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. - Бауыржан, алдыңдағы суреттерге мұқият қара. Мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал. Оны бөлек жерге қой. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдарындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есіне сақтауы қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығу 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу. 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде. 1 - оңға еңкею, сол қолын басына қою. 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1-2 отыру, қолдарын алға созу. 3-4 бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p>				

	<p>4. Бастапқы қалып: жерде отыру, колдарын артқа түзу тіреу. 1 - аяқтарын түзу ұстау, жоғары көтеру "бұрыш" жасау (нықтарын қисайтпау). 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, қолды белге қою. 1 - денені оңға бұру, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу. 2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: арқамен жату, колдарын бастарына қою. 1- оң аяғын түзу көтеру, саусақтарын башпайларға тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1-тен 4-ке дейін санау, оң жаққа секіру; 5-тен 8-ге дейін санау, сол жаққа секіру; 9-дан 12-ге дейін санау; екі аяқпен секіру, кідіріс жасау, жаттығуды 2-3 рет қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Отан, туған ел туралы мақал-мәтел жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Менің елімнің Президенті» тақырыбында суреттерді қарастыру, әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Тәуелсіз елім –тұғрым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы:Орман емшілері Міндеті:Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы:Асықпен ойналатын ойындар Міндеті:Қапшықты тізелердің арасынан қысып алып,екі аяқ – тап секіруге тәрбиелеу.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Қыс Міндеті:Балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:Менің елімнің салт дәстүр – лері. Міндеті:Қазақ халқының салт-дәстүр-</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Дыбыстық талдау \и,л\ Міндеті:Дыбыстық талдауды меңгеруді жалғастыру.</p> <p>2.Математика негіздері Тақырыбы:Биік-аласа,жуан-жіңішке Міндеті:Биік,аласа,жуан,жіңішке ұғымдарын қалыптастыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Қыс Міндеті:Балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:Менің елімнің салт дәстүр – лері. Міндеті:Қазақ халқының салт-дәстүр-</p>	<p>1.Қазақ тілі Тақырыбы: «Қолғап»ертегісі Міндеті:Ертегіні сахналау,диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>2. Музыка Тақырыбы:Орманда серуендейміз Міндеті:Музыкаға қызығушылығын арттыру.Музыка</p>

	<p>3.Математика негіздері Тақырыбы:Биік-аласа,жуан-жіңішке Міндеті:Биік,аласа,жуан,жіңішке ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>4.Қазақ тілі Тақырыбы:Қыс қызығы Міндеті:Шағын мәтіндер құрауды үйрету.</p>	<p>лері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>3.Сауат ашу негіздері \н,л\ Тақырыбы:Дыбыстық талдау \н,л\ Міндеті:Дыбыстық талдауды меңгеруді жалғастыру.</p> <p>4.Математика негіздері Тақырыбы:Биік-аласа,жуан-жіңішке Міндеті:Биік,аласа,жуан,жіңішке ұғымдарын қалыптастыру.</p>	<p>3.Көркем әдебиет Тақырыбы:Орман еңшілері Міндеті:Өңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:Хоккей ойнаймыз Міндеті:Балаларға конькимен сырғу арқылы жылжу жаттығуларымен таныстыру.</p>	<p>лері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>3.Музыка Тақырыбы:Орманда серуендейміз Міндеті:Музыкаға қызығушылығын арттыру.Музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу,эмоциясын ояту.</p> <p>4. Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Дыбыстық талдау \о\ Міндеті:Дыбыстық талдауды меңгеруді жалғастыру.</p>	<p>шығармашылығының сипатын ажырата білу,эмоциясын ояту</p> <p>3.Шығармашылық \сурет салу,мүсіндеу,жапсыру,күр астыру\ Тақырыбы:Тостаған Міндеті:Балаларды қазақтың сәндік қолданбалы өнерімен,қымыз құттық ыдыс-тостағанмен таныстыру.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:Хоккей ойнаймыз Міндеті:Балаларға конькимен сырғу арқылы жылжу жаттығуларымен таныстыру.</p>
Серуенге дайындық	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. 1-ден 5-ке дейін саналып, қатарға тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, математика негіздері)				
Серуен	<p>Торғай мен көкшімшықты салыстырмалы бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Торғаймен көкшімшықты салыстыру, олардың дене мүшелерінің ерекшеліктері, тіршілік етуімен таныстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым</p>	<p>Жырларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ландшафт туралы білімдерін бекіту; табиғатты сүйеу және құрметтеуге тәрбиелеу. Зерттеу: күрекпен күреу. - Неге біз топырақты күрей алмаймыз? (Аязда топырақ қатып қалған.) Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым</p>	<p>Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімдерін бекіту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Қызмет: ағаштың қанша жаста екенін анықтау (балаларға ағаш діңінің жіңішке қиылған тақтайшасын беріп, ағаштың қанша</p>	<p>Сұр және қара қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сұр және қара қарғаларды салыстыруды үйрету; айрықша белгілерді табу (сыртқы түрі, дауысы, әдеттері). Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қардан тазарту. Мақсат-міндеттері. Топта</p>	<p>Қоғамдық көлікті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көліктер туралы білімдерін бекіту, жол ережелерін білу; технология және ересектердің жұмысына қызығушылықты қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым</p>

	<p>еңбек тапсырмалары: жас ағаштардың тамырларын қармен қымтап жабу.</p> <p>Максат-міндеттері.</p> <p>Қоршаған ортаны қорғауға ынталандыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен көкек". (дене шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттері.</p> <p>Ептілікті, жылдамдықты дамыту; ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Максат-міндеттері. Орнынан ұзындыққа секіру жаттығуларын орындау дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>еңбек тапсырмалары: кіші топтар аймағында жолдарды сыпыру.</p> <p>Максат-міндеттері.</p> <p>Еңбектенуге құштарлықты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Үйшіксіз қоян".</p> <p>Максат-міндеттері. Ойын ережелерін сақтай отырып, педагогтің белгісі бойынша әрекет етуді үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Максат-міндеттері. Балабақша ауласында кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін бекіту.</p>	<p>жаста екенін жүзіктеріне қарап санауларын сұрайды).</p> <p>Ересек аламдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>ағаштардың түбіне қар күреу.</p> <p>Максат-міндеттері. Қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Туған өлкеде не өседі?" (дене шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттері. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p>Максат-міндеттері.</p> <p>Ағаштардың атауларын еске сақтау; сөздік қорларын қалыптастыру; табиғатты сүйеге тәрбиелеу.</p>	<p>жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бір, екі, үш.. Қаш!" (дене шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын, ептілікті, зейінді дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: шаңғы тебу дағдыларын нығайту.</p> <p>Максат-міндеттері. Күшжігер мен төзімділікті дамыту.</p>	<p>еңбек тапсырмалары: құмсалғыштан құмды қазып алу.</p> <p>Максат-міндеттері.</p> <p>Тапсырмаларды орындау кезінде жұмысқа оң көзқарасқа, жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Түрлі түсті көліктер". (дене шынықтыру)</p> <p>Максат-міндеттері. Белгі бойынша әрекет етуді үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Максат-міндеттері. 20 см биіктіктен секіру дағдыларын бекіту.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жеңді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарау, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Артикуляциялық жаттығу.</p> <p>Максат-міндеттері. Бала тілін дамыту.</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар айтқызу.</p> <p>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.</p>	<p>«Суреттер құрастыру».</p> <p>Максат-міндеттері.</p> <p>Балаларға шағын суреттерден мазмұнды үлкен суретті құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға бағалардың</p>	<p>Қызықты логикалық есептер шығару.</p> <p>Максат-міндеттері.</p> <p>Балаларды ойлау жаттығуларына машықтандыру.</p> <p>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау.</p> <p>Төлеу Шахановтың тақпақтары.</p> <p>"Түлкі".</p> <p>Жем іздеп жүтіріп, Аншыдан тығылып.</p> <p>Қақпанға жуымай Жүреді, қуын-ай!</p>	<p>Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.</p> <p>Әдібай Табылдиев "Шырша".</p> <p>Қызық-дұман күн келді, Жасыл шырша түрленді.</p> <p>Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі.</p>

	<p>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.</p> <p>2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр, Ра-ра-ра- бал жинайды ара, Мір-мір-мір- қал-қара көмір. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	қызынушылығын арттыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)		<p>"Маймыл". Кәмпітті толтырып уысқа, Секірдің бұрыштан бұрышқа. Жолдасың танырқап қарайды, Қызғаншақ болуың дұрыс па? (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады.</p> <p>Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жанғырту, кейінкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында "Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама.	"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы салтанатты іс-шараға байланысты таклақ беру, іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.	«Отбасындағы адамгершілік-патриоттық тәрбие».	Жадынама. "Қысқы серуенді баламен бірге қызықты және пайдалы өткізу".	Кеңес беру. "Қыс мезгілінде баланың иммунитетін көтеру жолдары".

Тексеру күні: 19.12.2023 ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

Жакупова К.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОББМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі: 19-22 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
		19.12.2023	20.12.2023	21.12.2023	22.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Жаңа жыл мерекесіне байланысты өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		"Біз топ бөлмесінде-гі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сыну, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Біз орындарымызды орнына қоямыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Кітап бұрышын-дағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды тандауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны, майлыктарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты ұстауға, еңбектенуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	"Өз киімдерімізді жинауды үйрене-міз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз киім-дерін жинастыру дағдыларын қалып-тастыру; ұқыптылық-қа, басқа біреуге кө-мектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.
		ҚР Гимнін орындайды. Міндеті: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. «Дөңгелек, үшбұ-рыш және шаршыға ұқсайтын заттарды тап»	"Пазл" Міндеті: Қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді, тапсыр-маны жан-жақты қы-рынан көру қабілетін, логиканы дамытады;	"Геометриялық пішіндерден аспалы көпір құрастыра-мыз" дидактика-лық ойыны. Міндеті: Балалардың қиялын, шығармашы-лық ойлау қабілетте-	"Жол белгілерін қою" дидактика-лық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жол жү-ру ережелері туралы білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айы-

		дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамы- ту.	міндеттерді страте- гиялық шешу дағды- сын қалыптастыра- ды; табандылық пен дәлдікті, жиялды, зе- йін мен есте сақтау қабілетін дамытады; өз бетінше шешім қа- былдауды үйретеді.	рін дамыту. Педагог геометрия- лық пішіндерді қол- данып, балаларға әр- түрлі көліктерді құ- растыруды ұсынады.	руды үйрету. Балаларды мейірім- ділікке, байқағыш- тыққа тәрбиелеу.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1- таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - бастарына қою; 3 - таяқшаны жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ арасы алшак, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - қолын түзу ұстау, оң жаққа иілу; 3- таяқшаны жоғары көтеру, тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1-2 отыру, таяқшаларын жоғары көтеру; 3-4 бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстау. 1 - 2 таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отыру, аяқ арасы алшак, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2- иілу, таяқты оң аяғының ұшына тигізу; 3- тіктеліп тұру, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. - таяқты жоғары ұстау, аяқтың арасын алшак қою, секіру; 2- бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, қолды бүту, таяқшаны көкірек тұсына ұстау. 1- таяқты жоғары ұстау, аяқтың ұшын оң жаққа созу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балалардың ұйым- дастырылған іс-әре- кетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалып- тастыру, балаларға бір-бірімен сәлемде- суге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.	Балалардың ұйым- дастырылған іс-әре- кетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалып- тастыру, балаларға бір- бірімен сәлемде- суге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге	Балалардың ұйым- дастырылған іс-әре- кетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалып- тастыру, балаларға бір- бірімен сәлемде- суге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның бар- лығын, Сыйлап, жақсы көре- мін.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Үздіксіз ізде" (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және тағы басқа) бірдей көп зат табуды ұсыну.

				Алақаным арқылы Жылуымды беремін.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		<p>1.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Ажарлы қыс Міндеті: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдықтары Міндеті: Балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру.</p> <p>3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыстық талдау Міндеті: Дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>4.Математика негіздері Тақырыбы: Ұзындық Міндеті: Ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыстық талдау Міндеті: Дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>2.Математика негіздері Тақырыбы: Ұзындық Міндеті: Ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>3.Көркем әдебиет Тақырыбы: Жаңа жыл келді Міндеті: Өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Керуен Міндеті: Шайбамен және доп таяғымен жасалатын ойын-жаттығуларды орындату. Мұз жолдармен сырғанап алуға тәрбиелеу.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ажарлы қыс Міндеті: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдықтары Міндеті: Балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру.</p> <p>3.Музыка Тақырыбы: Қысқы әуен сыңғырлайды Міндеті: Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.</p> <p>4.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыстық талдау Міндеті: Дыбыстық талдау жасай алуға үйрету.</p>	<p>1.Қазақ тілі Тақырыбы: «Сая – хатшы» ертегісі Міндеті: Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: Қысқы әуен сыңғырлайды Міндеті: Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.</p> <p>3.Шығармашылық сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Тақырыбы: Торсық Міндеті: Қазақтың ұлттық бұйымы тор – сықпен таныстыру, торсықты ермексайдан мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрету.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: Ержүрек құмырсқалар Міндеті: Қатарға тұруға жаттықтыру, 2-3 тізбекті сапта шапшаң жүгіріп, содан соң тізбектегі орнын табу, допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алуға үйрету.</p>

				жетілдіру.	
Серуенге дайындық	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен		<p>Желді бақылау. Мақсат-міндеттері: Жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; табиғат құбылыстарына қызығушылығын қалыптастыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: төбешіктерді құрас-тыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыруға арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; қарға әртүрлі ағаштардың суретін салу, қабілетін бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Затты тап".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балабақша ауласында кеңістікті бағдарлай алуды бекіту.</p>	<p>Ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттері: Маусымдық құбылыс - көктайғақ туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; табиғатты бақылау дағдыларын дамыту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қақпан", "Жануарлар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ережелерді қатаң сақтауды, жеңіл се-кіруді, тату ойнауды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>Желді бақылау. Мақсат-міндеттері: Желдің бағытын анықтау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қардан әртүрлі құрылыстар жасау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуді үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бос орын".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Шапшаңдық пен ептілікті дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>Құстарды бақылау. Мақсат-міндеттері: Балалардың қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға құштарлығын қалыптастыру (құсты тану, оның денесінің бөліктерін атау).</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құстарға арналған қарасханасының құрылысы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Барлығы бірге тату жұмыс істеуді, досына көмекке келуді үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғайлар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Әртүрлі бағытта жүгіруді, кеністікті шарлауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдам жүгіру қабілетін бекіту; затты лақтырудың күші мен ептілігін дамыту.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру. Жеңіл тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.				

Айнаға қарау, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.					
Балалармен жеке жұмыс		<p>Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Әли Ыскабаев "Күміс қар". Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Көдімгі бейне хрусталь.</p>	<p>Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Хамит Ерғалиев "Жаңа жыл". Жаңа жыл! Жаңа жыл! Не әкелдің сен бізге? Бау-бақшаң толған гүл, Төлдерің семіз бе? Бауырсақ, балмұздақ, Концертке, молсың ба? Бізді алға барғызбақ, Сен жаңа жылсың ба?</p>	<p>Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Ізтай Мәмбетов "Қыс". Жаңа айлардың жаңа қары Жапалақтап жауады. Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны. Ұйқыдағы баллада- йын, Баладайын пәк жү- рек. Ұйып қапты қырда қайың, Киім киіп ақ жібек.</p>	<p>Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Хамит Ерғалиев "Жаңа жыл". Жаңадан көп түрлі Машина бергейсің, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсін. Жаңа жыл! Жаңа жыл! Жаңалық ізде сен! Жаңа ән, жаңа жыр Жазып бер бізге сен!</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Логикалық ойындар, басқатырғыптар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		<p>Кеңес беру. «Мектепке дейінгі мектепалды (5-6жас) балалардың сөйлеу тілінің дамуы».</p>	<p>Кеңес беру. «Отбасындағы тәрбие ерекшеліктері».</p>	<p>Психолог кеңесі. Мысалы: «ЖРВИ кезінде көпшілік орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?»</p>	<p>Жоба қорытындысын ата-аналармен бөлісу.</p>

Тексеру күні: 25.12.2023ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

Жакупова К.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОББМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі: 25-28 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	25.12.2023	26.12.2023	27.12.2023	28.12.2023	
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Міндеті: Балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.	"Біз топ бөлмесінің терезе алды тақта-йын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Міндеті: Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю.	"Өз киімімізді жинауды үйренеміз". Міндеті: Балалардың өз киімін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	"Шкафтағы оқу құралдарын тәртіпте ұстау". Міндеті: Балаларға шкафтардың шаңын сүртуді, ішіндегі заттарды жинастыруды үйрету.	
	ҚР Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) «Таныс пішіндер доминосы».	Үстел үсті ойыны "Лото". Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әр бала түрлерінің ұқсастықтарына қа-	Фотосуреттерді қарастыру. «Жаңа жыл мейрамы». Мақсат-міндеттері. Фотосуретке бейнеленген жаңа жылдық мейрам туралы әңгімелеу. Жаңа жыл мейрамы-	«Шаршыны құрастыр». Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлшектерден бүтін бір затты құрастыруды үйрету. Балалар ақ шаршы-	

	<p>Ойынның мақсат-міндеттері: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішнен біреуін таңдауға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның мазмұны. Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес келетін өзіндегі суретті қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p>"Жел мен бұлт"</p> <p>Мақсат-міндеттері: кеңістікті бағдарлау жаттығулары</p> <p>Еркін ойын. "Мысық пен тышқан"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартын бұзбай, шапшаң ойнауды үйрету; жүгірудің түр-түріне машықтандыру. Ойын барысы. Ойнаушылар дөңгелеке шеңбер құрып тұрады. Мысық пен тышқанды тағайындап алады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады. Мысық аппақ қарасак, Құйрығы сұр, тамаша-ақ,</p>	<p>рай қандай да бір геометриялық пішінді және соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.</p> <p>"Қармақ" кимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жүзеге асыру.</p> <p>Еркін ойын. "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сақтыққа, шапшаңдыққа үйретеді.</p> <p>Барысы. Балалар дөңгеленіп шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала шеңбер бойымен дөңгеленіп отырған балалардың сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: тақтақ, өлең, би</p>	<p>на ойыншықтарды мүсіндеу.</p> <p>"Кім жылдам жүгірелі?" кимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруге жаттықтыру.</p>	<p>ның үстіне бөліктерге бөлінген түрлі түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды.</p> <p>Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.</p> <p>1-нұсқа: әр бала жеке өзі жинайды.</p> <p>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (Қайсы жылдам?)</p> <p>3-нұсқа: жеке немесе топпен жинау, жылдам орындаған балаларға күрделірек түрін беру.</p> <p>"Өз орнында тап" кимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Есту және көру зейінін дамыту.</p>	
--	---	--	---	---	--

	<p>Жебедей-ақ ұшады, Көзін жаймен қыса- ды. Тырнақтарын үнде- мей, Ашқан кезде инедей, Тышқандардың ты- қырын, Мысық естісе ақы- рын, Аңдып, аулап алады, Біздің мысық жара- ды. «Аңдып, аулап ала- ды»</p>	<p>және тағы басқа. Орнынан жылдам тұрып үлгерген балаға ұлттық ою-өрнектің суреті беріледі. Көп ою- өрнек жинаған бала жеңімпаз бола- ды.</p>			
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - қолын түзу ұстау, оң жаққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтеру, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 отыру, таяқшаларын жоғары көтеру; 3 - 4 бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстау. 1 - 2 таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтеру; 2 - иілу, таяқты оң аяғының ұшына тигізу; 3 - тік тұру, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстау, аяқты алшақ қою, секіру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ бірге, қолды бүгу, таяқшаны көкірек тұсына ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстау, таяқшаны түсіру. 2 - бастапқы қалыпқа оралу (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>(малени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	<p>Бояуға арналған беттердегі сурет кескіндерін бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуаныш- ты эмоцияларын оя- ту. Жаңа жылдық әндер шырқау.</p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зейінділік пен байқампаздық". Ойын жүргізушісін сайлап алу қажет. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын көрсетеді.</p>	<p>Шаттық шеңбері Балаларға эмоцио- налды жағымды кө- ңіл күй мен ұйымдас- тырылған іс-әрекеті- не мотивациялық да- йындықты қалыптас- тыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік</p>	<p>"Қажетті киімді ал". Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдер- ді ажыратуды үйрету. Зейін, еске сақтау жә- не логикалық ойлау- ды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа</p>	

			<p>беру, ұжым да достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бірге жүреміз.</p>	<p>дұрыс киім таңдау.</p> <p>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.</p> <p>Дидактикалық материал.</p> <p>Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері.</p> <p>Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді.</p> <p>Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді киізуі керек.</p>	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: Жана жыл келді. Міндеті: Өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу.</p> <p>2. Дене шынықтыру. Тақырыбы: Мультфильмдер әлемі Міндеті: Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Біз де ойнаймыз Міндеті: Балаларды әңгімені таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.</p> <p>2. Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Байланыс құралдары. Міндеті: Байланыс құралдарының қазіргі замандағы ролімен таныстыруды жалғастыру арқылы байла – ныстырып</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөздерді буынға бөлеміз. Міндеті: Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: 7 саны Міндеті: 7 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p>3. Көркем әдебиет</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Біз де ойнаймыз Міндеті: Балаларды әңгімені таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.</p> <p>2. Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Байланыс құралдары. Міндеті: Байланыс құралдарының қазіргі замандағы ролімен таныстыруды жалғастыру арқылы байла – ныстырып</p>	

	<p>жаттығуларын қайталау. Балаларға асық – пен ойнайтын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиелеу.</p> <p>3. Математика негіздері Тақырыбы: Ұзындық Міндеті: Ұзындық заттардың созылың- қы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>4. Қазақ тілі Тақырыбы: Жаңа жыл құтты болсын! Міндеті: Жаңа жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағ- дыларын қалыптастыру.</p>	<p>сөйлеу дағ дыларын жетілдіру.</p> <p>3. Сауат ашу негізде- рі Тақырыбы: Сөздерді буынға бөлеміз. Міндеті: Сөзді буынға бөле алу дағдыла- рын бекіту.</p> <p>4. Математика негіздері Тақырыбы: 7 саны Міндеті: 7 сандары – ның құрамы туралы білімін қалыптастыру</p>	<p>Тақырыбы: Жаксы мен жаман. Міндеті: Әдеби шы- гарманы мәнерлеп құралдарына байла- нысты қабылдауға дағдыландыру.</p> <p>4. Дене шынықтыру. Тақырыбы: Мультфильмде р әлемі Міндеті: Денені дұ- рыс ұстай білу дағды сын қалыптастыру. Түрлі тапсырмалар- ды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайта- лау. Балаларға асық – пен ойнайтын ойын- дарды дұрыс ойнай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>сөйлеу дағ дыларын жетілдіру.</p> <p>3. Музыка Тақырыбы: Қыс қы- зығы Міндеті: Әуен сазына ілесе қыс көріністе – рін қимыл- қозғалыс- пен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.</p> <p>4. Сауат ашу негізде- рі Тақырыбы: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. Міндеті: Сызба бо- йынша сөздерді буынға бөлу.</p>	
Серуенге дайындық	Балаларға киімдерін ретімен киюді, жыл мезгіліне сәйкес киімдер киіну (қалың не жұқа) керектігін түсіндіру.				
Серуен	<p>Шетенді бақылау. Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетен ағашын бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай қорғауға болатынын түсіндіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: карды бір жерге күрекпен жинау. Мақсат-міндеттері. Күрекпен жұмыс істеу дағдысын бекі- ту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшакарды</p>	<p>Шыршаларды бақылау. Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен бірге қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекпен қолдану қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жағалаудан жағалауға". Мақсат-міндеттері. Жан- жаққа шашырап жүгіру, секіру техни</p>	<p>Қардың жауғанын бақылау. Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қар, қар жауу туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды бір жерге күрекпен күреп жинау; кіреберіске апаратын жолды тазарту. Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкер- шілікпен қарауды қалыптастыру; ұжым- дық тапсырмаларды</p>	<p>Қардың тереңдігін бақылау. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Бақылау: ауланың қай жерінде қалың қар жатқанына балалардың назарын аудару, қардың қаншалықты терең екенін байқауды ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және қардың әр жер- дегі қалыңдығын өл- шеу; қалың қарды кү-</p>	

	<p>тап".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруді үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жерден аяқпен итеріліп, өрден (аласа, биік емес жерде) шанамен сырғанау.</p>	<p>қасын дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалауға дейін секіру, "Қақпада".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Екі аяқпен алдыға қарай секіру, жорғалап жүгіру жаттығулары.</p>	<p>орындауды үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аяз ата", "Қар айналады".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қимылдарды айыппай қайталауды үйрету; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекетімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруды үйрету.</p>	<p>рекпен қазу, қардың қалыңдығына назар аудару.</p> <p>Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».</p> <p>Ептілік пен шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.</p> <p>Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру.</p> <p>Қарды тоқтату туралы ұғымды қалыптастыру (жел соққанда қарды тоқтатады), қардан кедергілер жазау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың тәсілдерін қалыптастыру.</p> <p>Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Женді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазартқанша жуу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаға қарау, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.</p>				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кітапқа құрмет сезімін тәрбиелеу.</p>	<p>"Сәйкесін тап" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Үстел ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қысқашаның ерекшеліктерін табу.</p>	<p>Жаңылтпаштар жаттау.</p> <p>1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық, Бес күзетші ... бес пысық.</p> <p>2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім</p>	<p>"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрас-</p>	

		рін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш.	тыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім өзіндегі суретті жылдам құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Ойынға жиналған балалар бір тұтас бейнелі сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақтамаларының бірін таңдап ала алады.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Сауалнама. "Балаңыз әдепті ме?"	«Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	"Баланызбен әңгімелесуге күнде уақыт бөліңіз" тақырыбында кеңес беру.	«Бала денсаулығына дәрумендердің пайдасы» тақырыбында кеңес беру.	

Тексеру күні: 08.01.2024ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

Жакупова К.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы **Шұбарши ЖОББМ**

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.01-12.01.2024ж

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	08.01.2024	09.01.2024	10.01.2024	11.01.2024	12.01.2024
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсаты: Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсаты: Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аударатырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку". Мақсаты: Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсаты: Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". Мақсаты: Балаларды жеке киім шкафында тәртіпті сақтауға үйрету; шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.
	ҚР Гимнін орындайды.	"Пазл".	"Сипаттамасы бо-	"Құрылыс ойында-	«Мозаика».

<p>Мақсаты: Балаларда патриоттық тәрбиені қалыптастыру.</p> <p>Дамытушы лото. "Геометриялық фигуралар". Мақсаты: Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады.</p> <p>"Этикет ережелері". Мақсаты: Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту.</p>	<p>Мақсаты: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыруды үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа үйрету.</p> <p>"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. Мақсаты: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естігендер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.</p>	<p>Иыныша таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейінде рін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсаты: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.</p>	<p>ры "Робот". Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойыны. Дидактикалық тапсырма: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу Дидактикалық материал: балалардың санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы және жазғы пейзаждың суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Мұғалім кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кигізу керек.</p>	<p>Мақсаты: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытуға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.</p>
---	---	---	---	---

		Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.			
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>«Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.</p> <p>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>«Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.</p> <p>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>«Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.</p> <p>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.</p> <p>1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.</p> <p>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.</p> <p>1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын.</p> <p>Мақсаты:Қардың пайдасы тақырыбында әңгімелесу.</p>	<p>«Табиғат досы»</p> <p>Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық!</p> <p>Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.</p> <p>Мақсаты:Қардың пайдасы туралы әңгімелесу.</p>	<p>«Қылқалам ханшасы»</p> <p>Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш.</p> <p>Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да!</p> <p>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.</p> <p>Мақсаты:Қыс қызығы туралы әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану.</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.</p> <p>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!</p> <p>Мақсаты:Қыс туралы өздігінен сөйлем құрап, әңгіме құрау. Ойындар ойнау.</p>	<p>"Қажетті киімді ал".</p> <p>Мақсаты:Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.</p> <p>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.</p> <p>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.</p> <p>Дидактикалық материал.</p> <p>Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Алтын балта»</p> <p>Мақсаты:Қоршаған орта туралы түсінігін дамыту.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы:Ақсақ құлан аңызы</p> <p>Мақсаты:Балаларды</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері</p> <p>Тақырыбы:Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы:Ақсақ құлан аңызы</p> <p>Мақсаты:Балаларды</p>	<p>1.Қазақ тілі</p> <p>Тақырыбы:Ұлттық киім</p> <p>Мақсаты:Ұлттық киімдермен таныс-</p>

	<p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: Африкаға саяхат Мақсаты: Баланың кинестикалық көру мен тыңдау арқылы қабылдауы/қабилетте рін дамыту. 2,5м. ара-қашықтықта бір-бірі не доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету.</p> <p>3. Математика негіздері Тақырыбы: 1-7 сандары. Апта күндері. Мақсаты: Апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>4. Қазақ тілі Тақырыбы: Қысқы киім. Мақсаты: Қысқы киімнің атауларымен таныстыруды жалғастыруды, оларды топтай білуге үйрету.</p>	<p>мазмұны бойынша әңгімелетуге үйрету.</p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Суда тіршілік ететін жануарлар Мақсаты: Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.</p> <p>3. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. Мақсаты: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.</p> <p>4. Математика негіздері Тақырыбы: 1-7 сандары. Апта күндері. Мақсаты: Апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>Мақсаты: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: 1-7 сандары. Апта күндері. Мақсаты: Апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>3. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын балта» Мақсаты: Қоршаған орта туралы түсінігін дамыту.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Құрлықтар бойынша саяхат. Мақсаты: Нақты киім-қозғалыс жасай білу қабилеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.</p>	<p>мазмұны бойынша әңгімелетуге үйрету.</p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Суда тіршілік ететін жануарлар Мақсаты: Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту</p> <p>3. Музыка Тақырыбы: Бұл қай кезде болады? Мақсаты: Әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны киім-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.</p> <p>4. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыстың сөздегі орны Мақсаты: Әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру.</p>	<p>тыру, олардың атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.</p> <p>2. Музыка Тақырыбы: Бұл қай кезде болады? Мақсаты: Әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны киім-қозғалыспен бейнелей білуге баулу.</p> <p>3. Шығармашылық Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Тақырыбы: Айнұр балапандарға жем шашты Мақсаты: Балаларға кесек ермексизден балапан бейнесін мүсіндеуді, суретін салуды, жапсыруды, құрастыруды үйрету.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Құрлықтар бойынша саяхат. Мақсаты: Нақты киім-қозғалыс жасай білу қабилеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.</p>
Серуенге дайындық	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <p>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.</p> <p>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.</p> <p>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.</p> <p>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.</p>				
Серуен	Ағаштар мен бұталарды бақылау.	Қарға мен сауысқанды бақылау.	Қар ұлпаларын бақылау. Мақсаты: Ұлпақарлардың	Қар тазартқышты бақылау.	Қардың түсуін бақылау. Мақсаты: Қардың қасиеттері

	<p>Мақсаты: Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңде ту.</p> <p>Зерттеу. Шөп өскен жерде терең қарды қазып алыңыз. Қар жамылғысының астында әлсіз жапырақтары бар, жерге басылған кішкентай жасыл өсімдіктерді көруге болады. Балаларға қар топырақтың салқындауына жол бермей, суықтан қорғайды деген тұжырымға жетелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарға қар күреу.</p> <p>Мақсаты: Қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Әр түрлі аймақтарда не өседі.</p> <p>Мақсаты: Ағаштардың атауларын бекіту.</p>	<p>Мақсаты: Сауысқан мен қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету.</p> <p>Зерттеу. Мектеп аланынан құстардың іздерін іздеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: тұқым себуге жүйекшелерді дайындау.</p> <p>Мақсаты: Бірлесіп жұмыс жасай білуге баулу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пингвиндер", "Басып кетпе!"</p> <p>Мақсаты: Затты екі тізенің ортасына қысып алып, екі аяқпен секіру іскерліктерін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсаты: Допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту.</p>	<p>пішіні әртүрлі болатынына назар аудару; салыстыруға үйрету, танымдық белсенділікті дамыту.</p> <p>Зерттеу. Қардың қайда тезірек еритінін байқау. Қолғапта ма, қолда ма? Неліктен? Қардан не пайда болады?</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қардан лабиринт құрастыру.</p> <p>Мақсаты: Істі соңына дейін жеткізуге үйрету; бірлесіп әрекет ету қабілетін дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз".</p> <p>Мақсаты: Педагогтің белгісі бойынша зейін және әрекет ету қабілетін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мұқият өт".</p> <p>Мақсаты: Заттардың арасынан "жылан" секілді өту.</p>	<p>Мақсаты: Көліктерді еңбекте қолданудың маңызы, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Зерттеу. Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңдағы қарды тазарту және лабиринт құрастыру.</p> <p>Мақсаты: Бірлесіп әрекет етуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету, еңбек дағдыларын тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен аңдар", "Ұсталма", "Тез ал, тез қой".</p> <p>Мақсаты: Моториканы нығайту; эмоционалдық саланы, ептілік пен батылдықты дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Көпірден өт".</p> <p>Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтай отырып жаттығу жасау.</p>	<p>туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу.</p> <p>Мақсаты: Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ақсала ойыны".</p> <p>Мақсаты: Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсаты: Қар лақтыруды үйрету.</p>
Серуеннен оралу	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).</p> <p>Аяқ массажы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру.</p>				

	Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (Заттың орналасу сры)</p> <p>Мақсаты: Балалардың қоршаған адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайындағы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оң жақ - (Сол жақ). - Ішінде - (Сыртқында). - Төменде - (Жоғарыда). - Ортасында - (Шетінде). - Таязда - (Тереңде). - Солтүстікте - (Оңтүстікте). - Шығыста - (Батыста). - Жақында - (Алыста). - Оң жақ - (Сол жақ). - Артында - (Алдында). - Басында - (Аяғында). - Соңында - (Басында). <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорттық жаттығу залы". Мақсаты: Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымда-</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (Қыс мезгілі)</p> <p>Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба.</p> <p>Қыс мезгіліне байланысты мнемочарткалар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар қыс мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек.</p> <p>Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тапқанды оқып беруі мүмкін, болмаса қыс туралы өздері білетін тапқандарды кезекпен айтып бере алады.</p> <p>Мысалы, А. Асылбек өлгені өлеңіне көңіл аударуға болады.</p> <p>Қандай суық қыс деген?</p> <p>Қалтырайды құс деген.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?"</p> <p>Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңба лауыштары.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалардың алдына түрлі таңба-лауыштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады.</p> <p>Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</p> <p>Мақсаты: Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Шарты.</p> <p>Алғашында педагог, содан соң балалар біртіндеп жүргізушінің рөлін кезегімен атқарады.</p> <p>Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, нақты атауын атымайды, ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.</p> <p>Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым және нақтылы береді, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды.</p> <p>Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні ұшбұрышқа келеді", "Бұл жиназ, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады,</p>	<p>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".</p> <p>Мақсаты: Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: доп.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).</p> <p>Алғашқы кезектерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқару мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін.</p> <p>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып допты қолға лақтырады.</p> <p>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді.</p> <p>Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті</p>

<p>рын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді.</p> <p>Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (тұтынушыны түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсына-тыны, тұтынушының қандай таңдау жасай-тыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрде спорттық жабдықтардың атаула-рын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықта-ры), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.</p>	<p>Құлақшыяды кимесең,</p> <p>Құлағыңды тістеген.</p> <p>Қандай қызық қыс деген?</p> <p>Бәрін шебер істеген.</p> <p>Жерде, үйде, тауларда,</p> <p>Боялған ақ түспенен.</p> <p>Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Аурухана".</p> <p>Мақсаты: Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірби-ке) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p>	<p>дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Киімдер" дүкені.</p> <p>Мақсаты: Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде бала-лармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жата-тынын, киімдердің сыртқы киім, маусымдық киім және ішкі киім болып бөліне-тіні жайында түсінді</p>	<p>адамның демалуына жағымды ықпал етеді".</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Кітапхана".</p> <p>Мақсаты: Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәнін білдіретін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тама-шалайды.</p> <p>Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқа-рып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, тол-тыру), қандай құралдарды қолданатынын, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс.</p>	<p>атау.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Ойыншықтар" дүкені".</p> <p>Мақсаты: Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.</p> <p>Шарты.</p> <p>Сатушы өз қалауы бойынша тағайындайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтарды бірін таңдап, өз қалаула-рын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны "сатады".</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншықтар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді,</p>
--	---	---	---	---

	<p>Ниегін білдірген бір-неше бала жаттықтырушы ролін атқарды, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйе мелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p>	<p>Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.</p> <p>Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгіме лесеуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p>	<p>реді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушыға әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында да айтылу тиіс.</p> <p>Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады.</p> <p>Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек.</p> <p>Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерде киімдерді кигізіп көреді.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы</p>	<p>Балалардың арасынан кітапханашылар (өз қалауымен) таңдалады немесе санамақ қолданылады.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйе мелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемей; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.</p>	<p>тиянақтау сұрақтарын қояды.</p>
--	--	---	---	--	------------------------------------

		Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.	сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.		
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызу. Аппак, аппак, бәрі аппак, Ақ қар аппак, бәрі аппак. Ақ бұлт, қырау, мақта аппак. Ақ сүт, айран, кант та аппак.	"Ненің құйрығы?" Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұнайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б..)"	"Сәйкесін тап" ойыны. Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	Дайын суретті бояу тапсырмасы. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.	"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. Мақсаты: Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары.				

карау және баска- лар)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай бала- лардың киінуі.	Әкелермен әңгімеле- су: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?»	«Айына бір рет отба- сы күнін өткізу».	Кенес: «Ойын – бала- ны дамыту құралы».	Экологиялық қай- ырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата- аналармен топ бөлмесін безендіру.

Тексеру күні: 15.01.2024ж

Мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі:

 Жакупова К.Ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Шұбарши ЖОББМ

Мектепалды даярлық «Б» сыныбы

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.01 - 19.01.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	15.01.2024	16.01.2024	17.01.2024	18.01.2024	19.01.2024
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсаты: Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тактайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты: Балаларды сумен жұмыс істеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсаты: Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, мұқият орындау.	"Кітап бұрышын дағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсаты: Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу	"Өзі төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсаты: Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.
	«Үй жануарын жабайы жануардан ажырат» – ойын шарты:	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсаты: баланың	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалық-	"Құстар" (андар, балықтар) дидактикалық ойыны.	Дамытушы ойын. "Құстардың көлеңкесі".

	<p>Бала үй жануарын дала жануарынан ажырату керек. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін танып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p>	<p>тап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақпен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып, (қолдармен екінші жаққа бұраңдау), Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру,) Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу)</p>	<p>Мақсаты:жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау, қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.</p>	<p>Мақсаты: Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсаты: Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді; 1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (нықтарын күштіппау); 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою; 1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу; 				

	<p>2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою.</p> <p>1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу;</p> <p>2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.</p> <p>1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жабайы аңдар». Елімізде мекен ететін аңдар жайлы әңгімелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы:Бір уыс мақта Мақсаты:Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы:Байқоңыр Мақсаты:Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге,өрмелеуге және түсуге үйрету,қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін жетілдіру.</p> <p>3.Математика негіздері Тақырыбы:8 саны Мақсаты:8 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Су тор-ғайы Мақсаты:Балаларды сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:Пайдалы қазбалар дегеніміз не Мақсаты:Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру,олардың ат-тарын атап бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту.</p> <p>3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Ойнай отырып оқимыз</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Біз нені үйрендік,нені білеміз? Мақсаты:Балалардың білімін бекіту.</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: 8 саны Мақсаты:8 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p>3. Көркем әдебиет Тақырыбы:Бір уыс мақта Мақсаты:Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Су тор-ғайы Мақсаты:Балаларды сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:Пайдалы қазбалар дегеніміз не Мақсаты:Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру,олардың ат-тарын атап бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту</p> <p>3.Музыка Тақырыбы:Қыс келді Мақсаты:Музыкадағы дыбыс жоғарылы-</p>	<p>1.Қазақ тілі Тақырыбы:Тазалықты сүйеміз Мақсаты:Заттың атын,жұмылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы:Қыс келді Мақсаты:Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін ажырату. Әннің ырғағын сақтау.</p> <p>Шығармашылық Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру. Құрастыру Тақырыбы:Жайлауда Мақсаты:Сурет бойынша</p>

	<p>4.Қазақ тілі Тақырыбы:Дене мүшелерінің атқаратын қызметі Мақсаты:Дене мүшелерінің атқаратын айта алуға үйрету.</p>	<p>Мақсаты:Өткен сабақтарда алған білімдерін пысықтау.</p> <p>4.Математика негіздері Тақырыбы: 8 саны Мақсаты:8 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p>	<p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:Шаңғымен жүру Мақсаты:Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру,қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету.Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты артыру үшін біртіндеп көбейте отырып оындауға дағдылан-дыру.</p>	<p>ғын, ырғақтың мәнерлілігін ажырату. Әннің ырғағын сақтау.</p> <p>4.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Дыбыстық талдау Мақсаты:Дыбыстық талдау жасауды меңгерту.</p>	<p>әңгімелей отырып,жайлау,киіз үй туралы түсінік беру.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:Ғарышқа саяхат Мақсаты:Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге,өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру,қолмен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру.Шынтақтарын бүгіп,қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін жетілдіру.</p>
Серуенге дайындық	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. 				
Серуен	<p>Қар ұлпаларын бақылау. Мақсаты:Қар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. Мақсаты:Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.</p>	<p>Сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: Сыпырушының жұмысымен танысуды жалғастыру; басқаларға көмек келуге ұмтылу қасиетін қалыптастыру; ересектердің еңбегіне деген құрмет сезімін тәрбиелеу; мағыналы сөйлеуді дамытуға ықпал ету. Ересек адамдармен бірге</p>	<p>Суықторғайларды бақылау. Мақсаты: Суықторғайлардың пайдалуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолды сыпырғышпен сыпыру. Мақсаты: Жұмыс</p>	<p>Қардың түсуін бақылау. Мақсаты:Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. Мақсаты:Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсыр</p>	<p>Қарғаны бақылау. Мақсаты:Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге</p>

	<p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". Мақсаты: Заттарды соғып алмай, қар гимнастаттары арасында бірінен соң бірі жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" Мақсаты: Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. Мақсаты: Балалардың күрекпен жұмыс жасаудағыларын жетілдіру; қарды бір үйіндіге қалай дұрыс жинау керектігін көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Шыршада". Мақсаты: Бір-біріне соқтығыспай еркін жүгіруге дағдылан-дыру; педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ету; балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін арттыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыт Мақсаты: Моториканың дамуына ықпал ету (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).</p>	<p>тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қоянзар мен қасқырлар". Мақсаты: Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: моториканың дамуы на ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).</p>	<p>маларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар". Мақсаты: Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.</p>	<p>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қармен қоқыстан тазарту. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". Мақсаты: Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.</p>
Серуеннен оралу	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты ұқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>"Құстар қалай үй қатады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту.</p>	<p>Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Қыстайтын құстар". Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың</p>	<p>"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. Мақсаты: есту зейінін дамыту, балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ой-</p>	<p>"Зообакка орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыс-</p>	<p>"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.</p>

